



Бекітемін

№6 «Сандуғаш» бөбекжай-бақшасы ЖШС

менгерушісі _____ Әшірбекова Р.Б.

«27»08 2024 ж

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Тәрбиешілері: Жанжигитова А.Ж.
Қоғанбаева А.Ш.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Білім беру ұйымы:№6 «Сандуғаш» бөбекжай-бақшасы ЖШС .

Топ: «Ақ көгершін» мектабылды тобы

Балалардың жасы: 5-жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2024жыл

Қ/с		Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
			<i>Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</i>
1.		Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бұғу. Негізгі қимылдар: Жүру: Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау; «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»

			-«Күш сынаспақ» ойыны. Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру. Дәстүрлік таным түйсігін дамыту. - «Теңге алу» ойыны. Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамкершілікке баулу. - «Арқан тарту» ойыны. Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. -«Орамал тастамақ» ойыны . Балалардың сезіну қабілеттерін, байқампаздығын дамыту. -«Қыз қуу» ойыны. Балаларды ұлттық ойын түрімен таныстыру. Икемділікке, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету.
2		Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау
3		Көркем әдебиет	«Балалар кітапханасы»-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.
4		Саут ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатын туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
5		Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Ел боламын десең, бесігіңді түзе, Еңбек еткен — мұратқа жеткен, Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Дос – ажарың, жолдас – базарың. «Тілім менің тірегім» ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс

			ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету
6		Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері	Қаржылық сауаттылық математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту. Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын тап, Банкомат, Тенге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б.)
7		Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Сурет салу	Бояулар сыры- топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту
8		Мүсіндеу	Зергерлік бұйымдарымен (тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттар моншақпен безендіру
9		Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру, (Құстар біздің досымыз, Күз сыйы, Көкөністер, Балабақшам мақтанышым т.б.)
10		Құрастыру	«Қамқор» жобасы Құстарға ұя саламыз, ата-анамен бірге өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған зат ұяның шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Әже өсиеті, Әке шапағаты, Ұрпақ сабақтастырғы жоба жұмыстарын жүргізу.
11		Музыка	Күй күмбірі: Шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою.

Музыка тыңдау:

Музыка тыңдауда шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету;

Ән айту:

Ән айтуда дауспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру;

Музыкалық-ырғақты қимылдар:

Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу;

Музыкалық аспапта ойнау:

Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.

Күй күмбірі:

Шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою.

Музыка тыңдау:

Музыка тыңдауда шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету;

Ән айту:

			Ән айтуда дауспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру; Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу; Музыкалық аспапта ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету. Билер: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы жоспары аясында) Ұлттық ойын: Баланың дене тәрбиесін дамыту , бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, қызығушылық арттыру.
12		Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру	«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. ("Балалар", "Трамвай аялдамасы",

			"Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Тройллебус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру
--	--	--	---

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Білім беру ұйымы; №6 «Сандуғаш» бөбекжай-бақшасы ЖШС .

Топ: «Ақ көгершін» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5-жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы 2024жыл

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<i>Тәуелсіздік және отаншылдық айы</i>		
1.	Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Жүру: Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау: Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру.

		Қимылды ойындар: Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Түлкі мен балапандар ойыны» Мақсаты: Балалармен қимылды ойын түрін ойнау. Ұйымшылдыққа, шапшаң және шыдамды болуға үйрету. Денсаулықты сақтауға тәрбиелеу. «Белбеуді тез алу» Мақсаты: тез қимылдауға, өз денелерін еркін меңгере білуге баулу. «Арқан тарту» Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа, шымырлыққа тәрбиелеу. «Тақия тастамақ» ойыны. Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, шапшаңдыққа баули отырып, дене белсенділігін дамыту. Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету.
2	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау
3	Көркем әдебиет	«Балалар кітапханасы»-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.

4	Сауат ашу	“Сөз” және “дыбыс” терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Қолды жазуға дайындау : жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру қаламды және қарандашты дұрыс ұстау
5	Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру «Мен отанымен мақтанамын» ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету (II-апта) “Менің елім-Мәңгілік ел” Әрбір балал үшін ең асыл қазына -отанын, туған елін сүю “Отан үшін күрес -ерге тиген тиген үлес” деген қанатты сөзін еске салып тұратын болсын-деген. (III-апта)
6	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері	“Жас метеоролог” экологиялық бағытта математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту “SMART BALA” инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтырды дәріптеу
7	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Сурет салу	Бояулар сыры- топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту
8	Мүсіндеу	Зергерлік бұйымдарымен (тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттар моншақпен безендіру
9	Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру, (Құстар біздің досымыз, Күз сыйы, Көкөністер, Балабақшам мақтанышым т.б.)
10	Құрастыру	«Қамқор» жобасы “Қартарым аман сау жүрші” әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу Әже өсиеті, Әке шапағаты, Ұрпақ сабақтастырғы жоба жұмыстарын жүргізу. Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Құрылыс

		материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.
11	Музыка	Күй күмбірі: Балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру. Музыка тыңдау: Музыка тыңдау арқылы музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айта білу; Ән айту: Ән айту дағдыларын қалыптастыру, әуенін тыңдап айтуға үйрету; Музыкалық-ырғақты қимылдар: Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру; Музыкалық аспапта ойнау: -Балалар музыкалық аспаптарында шығармашылықтарын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке, ептілікке баулу. Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы жоспары аясында) Ұлттық ойын: Музыканы қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру,
12	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау

	Қоршаған ортамен таныстыру	Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. Балаларды жол белгілерімен таныстыру Отаным отбасым Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.
--	----------------------------	---

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Мектепке дейінгі ұйым:№6 «Сандуғаш» бөбекжай-бақшасы ЖШС

Топ: «Ақ көгершін» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы 2024жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Жүгіру: Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Қимылды ойындар: Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» -«Ақсерек-көксерек» ойыны Балалардың жылдамдық және шымырлық қабілетін арттыру. -«Сақина жасыру» ойыны. Баланың

	зейінінің тапқырлығын дамыту. -«Ұшты-ұшты» ойыны Балаларды аңғарпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелейді. -«Асық ату» ойыны Балаларды асық ойынының бір түрімен таныстыру. Ептіліктерін, ойынға қызығушылықтарын дамыту. Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету.
Сөйлеуді дамыту	Менің Қазақстаным “Еңбегі адал жас өрен”Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Сөздік қор Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Көркем әдебиет		“Апта дәйек сөздері” балалардың адал болуға мақал-мәтелмен жеткізу “Еңбегі адал жас өрен” білім алушылардың әр түрлі мамандықтарға қызығушылығын арттыру жаңа эдиялары арқылы еңбекқорлықтарын құндылықтырды арттыру Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің кәркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. “Қомқорлық” шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, ертедегі кейіпкерлердің қамқорлықт жасау диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.
Сауат ашу негіздері		“Еңбегі адал жас өрен” білім алушылардың әр түрлі мамандықтарға қызығушылығын арттыру жаңа эдиялары арқылы еңбекқорлықтарын құндылықтырды арттыру Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сәздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, өздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сәздер құрастыруға (ауызша) үйрету.
Қазақ тілі		“Еңбегі адал жас өрен” білім алушылардың әр түрлі мамандықтарға қызығушылығын арттыру жаңа эдиялары арқылы еңбекқорлықтарын

		құндылықтырды арттыру Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ә, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.
	Математика негіздері	SMAR DALA жобасы инавациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай әсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, әлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің кәмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы әлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.
	Қоршаған ортамен таныстыру	“Еңбегі адал жас өрен” білім алушылардың әр түрлі мамандықтарға қызығушылығын арттыру жаңа эдиялары арқылы еңбекқорлықтарын құндылықтырды арттыру Көлік, байланыс құралдары Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. “Қауіпсіздік ережелер” Жол қозғалысы ережелері Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.
		SMAR DALA жобасы инавациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ

	Құрастыру	халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.
	Сурет салу	“ Табиғат әлемі ” бояулар шыр шертеді парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). “ Еңбегі адал жас өрен ” Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың

		орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.
	Мүсіндеу	Үнемді тұтыну : таза жұмыс жасауды балалрдың естерінпе салып отыруБақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы кәлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.
	Жапсыру	“Қауіпсіздік ережелері” тұрмыстағы,қоғамдағы өмірлік қауіпсіздік мінез құлық ережелерін үйреті қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дәңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.
	Музыка	Күй күмбірі: Музыканы эмоционады қабылдауды, түсінудіру. Музыка тыңдау: Музыка тыңдау кезінде музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру; Ән айту: Ән айтуда бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айту; Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының

		элементтерін жеңіл, еркін орындау; Музыкалық аспапта ойнау: Шулы аспаптар тобымен және ол аспаптардың ойналу жолымен таныстыру, ырғақтар соғуда қолдану. Билер: Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауға үйрету; (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы жоспары аясында) Ұлттық ойын: Балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру.,
--	--	--

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН

Мектепке дейінгі ұйым: №6 «Сандуғаш» бөбекжай-бақшасы ЖШС

Топ: «Ақ көгершін» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы 2024жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
		Негізгі қимылдар:

Желтоқсан	Дене тәрбиесі	Еңбектеу, өрмелеу: 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту; Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Бес атар» ойыны. Ептілікке, шапшаңдыққа мергендікке дәлдікке баулу. «Белбеуді тез алу» ойыны. Тез қимылдауға, өз денелерін еркін меңгере білуге баулу. «Омпы ойыны» Шапшаңдыққа, ептілікке, мергендікке баулу. «Атбақыл ойыны» Ұлттық ойынға деген Қызығушылық-тарын арттыру ептілікке, шапшаңдықа баулу. Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету.
-----------	---------------	---

	Сөйлеуді дамыту	Өнегелі 15-минут “Республикам-мақтанышым” Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Сөздік қор Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.
	Көркем әдебиет	“Апта дәйек сөздері” “ Республика-мақтанышым” “Еңбегі адал жас өрен” Балаларды қол жетімді кәркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, әлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес

		орындау.
	Сауат ашу негіздері	“Еңбегі адал жас өрен” Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, Ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.
	Қазақ тілі	“Апта дәйек сөздері” “Республикам-мақтанышы” Сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. Санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту

	Математика негіздері	“Еңбегі адал жас өрен” “SMART DALA” жобасы Геометриялық фигуралар Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру
	Қоршаған ортамен таныстыру	“Қамқор” жобасы “Қауіпсіздік ережесі” “Еңбегі адал жас өрен” Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.
	Құрастыру	SMART DALA” жобасы Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін

		қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.
	Сурет салу	“Еңбегі адал жас өрен” Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, әз жұмысының нәтижелерін бағалау. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану.
	Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы кәлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.
	Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.
	Музыка	Күй күмбірі: Шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту Музыка тыңдау: Музыка тыңдау арқылы шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету; Ән айту: Ән айтуда, ән айтар алдында және фразалар арасында тыныс алу, сөздерді анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту; Музыкалық-ырғақты қимылдар: Би билеу кезінде қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерте білу; Музыкалық аспапта ойнау:

		Металлофон және ксилофон аспаптарымен жақынырақ танысу, аспаптарда қарапайым ырғақтар соғып ойнау, үнін есте сақтау. Билер: қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы жоспары аясында) Ұлттық ойын: Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыруға үйрету.
--	--	---

